ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 19 ақпан №2301-24-00-2/3975 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья О.Ш.Даурешова
сот отырысының хатшысы Д.Ш.Исмаиловаңың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Атырау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Бизнес по казахски или операция Ы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі Ж.Мырзагалиева
Прокурор С.Көптлеуов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 28 қарашада мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде тараптардың арасында мемлекеттік сатып алу туралы №124 келісім-шарт жасақталған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі 1-қосымшасына сәйкес, жауапкер «1 дана сандық камера» тауарын жеткізуге міндеттенген.

Шарттың сомасы – 94 444 теңге, орындау мерзімі – шарт күшіне енген күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде, 2024 жылғы 13 желтоқсанға дейін.

Алайда, жауапкер міндеттемені орындамаған, шарт 2024 жылғы 24 желтоқсанда, орындалмауына байланысты, бір жақты бұзылғын.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, шарттың талаптары орындалмағанын, жауапкермен жеткізілген тауар бұрын қолданыста болған ескі сандық камера екенін айтып, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды, тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Соттың ұйғарымымен талаптың тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қараусыз қалдырылды.

Сот отырысында жауапкер қатыспады. Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланған, алайда сотқа қатыспай және істі өзінің қатысуынсыз қарауды сұрамаған.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-бөлігі негізінде азаматтық іс жауапкердің қатысуынсыз қаралды.

Прокурор талаптың мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы бөлігі қанағаттандырылуға жататыны туралы, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қараусыз қалдырылылуға жататыны туралы қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай, 2024 жылғы 28 қарашада мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде тараптардың арасында мемлекеттік сатып алу туралы №124 келісім-шарт жасақталған. Орындау мерзімі – 2024 жылғы 13 желтоқсанға дейін.

Сот отырысында жауапкермен жеткізілген тауар бұрын қолданыста болған ескі сандық камера екені анықталды, аталған жағдай талап қоюшымен ұсынылған фото суреттермен дәлелденді. Шарт бір жақты бұзылған.

Құжатқа қол қойылған: Дәуешова О. Ш., 26.02.2025

Талап қоюшы сот отырысында жауапкер тарапынан шарттың міндеттемелері орындалмай, нәтижесінде талап қоюшы үшін жағымсыз салдар пайда болғанын түсіндірді.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 846 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Атырау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Бизнес по казахски или операция Ы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

«Бизнес по казахски или операция Ы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Бизнес по казахски или операция Ы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья О.Ш.Даурешова

Көшірмесі дұрыс.

Судья О.Ш.Даурешова

Шешім заңды күшіне 27 наурыз 2025 жылы енді.

Судья О.Ш.Даурешова

Құжатқа қол қойылған: Даурешова О.Ш., 26.02.2025

301-24-3-1/4346

АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ
МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АУДАНАРАЛЫҚ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ СОТЫ

СПЕЦИАЛИЗИРОВАННЫЙ
МЕЖРАЙОННЫЙ ЭКОНОМИЧЕСКИЙ
СУД АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

060000, Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Атырау қаласы, Сәтпаев даңғылы, 3, тел: +7 (7122) 21-57-97;
факс: +7 (7122) 21-57-97 ; email: 060202@sud.kz

060000, Республика Казахстан, Атырауская область, город Атырау, улица Сатпаева, 3А, тел: +7 (7122) 21-57-97;
факс: +7 (7122) 21-57-97 ; email: 060202@sud.kz

02.04.2025 № 2301-25-5-21/3947

Атырау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мемлекеттік мекемесіне
/ЭҚАБЖ/

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты талап қоюшы Атырау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Бизнес по казахски или операция Ы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, 472 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап арызы бойынша 2025 жылғы 19 ақпанда шыққан шешім көшірмесін орындау үшін жолдайды.

Қосымша: шешім көшірмесі 1 -дана.

О.Ш.Даурешова

Судья

Орынд.: Қайырғалиева А. А.
тел.: +77, 712-2468@sud.kz

Кіріс № 864 от 03.04.2025 ж.

Құжатты жасаған: ҚАЙЫРҒАЛИЕВА А. А., +7 (7122) 57-94, 712-2468@SUD.KZ
Құжатқа қол қойылған: ДАУРЕШОВА О. Ш., 02.04.2025 09:19